

Алметов Негматжан Шадиметович
докт.пед.наук, доцент ЮКГУ им. М.Ауэзова, г.Шымкент
Абдукаримова Камола Абдулазизовна, магистрант
ЮКГУ им. М.Ауэзова, г.Шымкент

КӨПТІЛДІ ОҚЫТУ: ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТІЛДЕ ОҚЫТАТЫН МЕКТЕПТЕРІ ТӘЖІРИБЕСІ

АННОТАЦИЯ

Оңтүстік Қазақстан облысының өзбек тілінде оқытатын мектептерінің көптілді және билингвальді оқыту инновациялық тәжірибесі соңы кезде республика педагогикалық қауымдастығы, әсіресе халықаралық деңгейде зор қызығушылық тудыруда. Мақалада ұлттық тілде оқытатын мектептерінің көптілді оқыту инновациялық тәжірибесінің қысқаша тарихы, кең таралуының себептері, мәселелері мен жетістіктері, сондай-ақ даму болашағы ашып көрсетілген.

Түйінді сөздер: көптілді оқыту, инновациялық тәжірибе, Оңтүстік Қазақстан облысы, ұлттық тілде оқытатын жалпы білім беретін мектептер, пән мен тілді кіріктіре оқыту.

АННОТАЦИЯ

Инновационный опыт многоязычного и билингвального обучения школ с узбекским языком обучения Южно-Казахстанской области в последнее время привлекает все больший интерес в педагогических кругах республики и зарубежья. В статье раскрывается предыстория, причины распространения и интереса педагогической общественности, проблемы и достижения, перспективы развития многоязычного обучения в школах с национальным языком обучения.

Ключевые слова: многоязычное обучение, инновационный опыт, Южно-Казахстанская область, общеобразовательная школа с национальным языком обучения, интегрированное обучение предмету и языку.

ABSTRACT

Nowadays innovative experience of multilingual and bilingual education of Uzbek language school in Southern Kazakhstan attracts a great interest in pedagogical field of the Republic and abroad. In the paper there is opened prehistory, courses of distribution and interest of pedagogical society, problems and prosperity of multilingual education development in national language schools.

Keywords: multilingual education, innovative experience, Southern Kazakhstan, compulsory national language school, content - language integrated learning.

Оңтүстік Қазақстан облысының өзбек тілінде оқытатын мектептерінің көптілді және билингвальді оқыту инновациялық тәжірибесі соңғы кезде республика педагогикалық қауымдастығы, әсіресе халықаралық деңгейде зор қызығушылық тудыруда. Пәндерді үш тілде оқытатын арнайы мектептерден тыс (Назарбаев Зияткерлік мектептері, қазақ-түрік лицейлері, дарынды балалар үшін арнаулы мектептер), ұлттық тілде оқытатын мектептерде көптілді және билингвальды оқытудың бірегей тәжірибесі жинақталды.

Бұл тәжірибенің педагогикалық жұртшылықтың зейін орталығынан орын алуы себептері неде?

- ұлттық тілде білім беретін мектептердегі көптілді оқыту тәжірибесі Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұсынған бес халықтық реформа аясындағы тілдердің ұштұғырлығын дамытудың жаңа міндеттерін, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық тілде оқытатын мектептерде көптілді және билингвальді оқытуды дамытудың 2013-2015 жылдарға арналған жоспарын (жол картасын)» орындауға бағытталған [1;2].

- көптілді және билингвальді оқыту тәжірибесі Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының тікелей қатысуы, жан-жақты ұйымдастырушылық көмегімен, «Өрлеу» АҚ ҰБАО ОҚО бойынша педагог мамандардың біліктілігін арттыру институтының әдістемелік жәрдемімен, Еуропада қауыпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ)-нің аз ұлттар мәселелері бойынша Жоғары комиссарының Орталық Азиядағы білім беру жобасымен ынтымақтастықта жүзеге асырылуда.

Сондай-ақ, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Жалпы педагогика және музыкалық білім» кафедрасы көптілді және билингвальді оқыту жүйесі бойынша істейтін мектептерге мақсатты кадрлық, ғылыми-консультативтік, ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсетуде. 2007/2008 оқу жылынан кафедра профессор-оқытушылар облыстың көптілді білім берудің бейімдендіріліген модельдерін ендірген жалпы білім беретін мектептерінде ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперимент жұмыстарын жүргізуде. Мектеп басшылары және мұғалімдерге арналған семинар-тренингтер, кафедраның көшпелі әдістемелік семинарларын өткізу, мұғалімдер мен оқушылардың ғылыми жобаларына жетекшілік жасау, мектеп ата-аналар университеті жұмысын ұйымдастыруға қолғабыс көрсету дәстүрге айналды;

- ата-аналардың мектепшіл инновациялардағы белсенділігі және қоғамдық ұйымдардың қолдауы көптілді және билингвальді оқытуды дамытуға септігін тігізді. Соңы жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы өзбек этномәдени орталығының қолдауымен, облыстық білім басқармасы және жоғары оқу орындарының қатысуымен облысымызның өзбек тілінде оқытатын мектептері бітіруші сынып оқушылары арасында «Тест білгірі» байқауы, мемлекеттік грант иегерлерін марапаттау «Оқ йул талаба» іс-шарасын өткізу дәстүрге айналды.

Алғаш 2000-жылдардың басында Сайрам ауданындағы №109 З.Хусанов атындағы және №107 Ю.Сареми атындағы мектеп-гимназияда халықаралық жоба аясында бастау алған көптілді және билингвальді оқыту тәжірибесі бүгінгі таңда өзінің адами капиталді дамытумен байланысты кең ауқымды әлеуметтік, экономикалық, білімдік мәселелерді шешуге қабілеттілігін көрсетті. Көптілді және билингвальді оқыту негізінен мектепте кейбір пәндерді мемлекеттік тілде, орыс немесе ағылшын тілінде аудармасыз оқытуды болжайды. Мұнда оқушы ана тілінде білім алу мен бірге мемлекеттік тілді немесе басқа да тілдерді тек оқу пәні ретінде емес, пәндерді меңгеру құралы ретінде пайдалану мүмкіндігін алады. Ана тіліндегі мектепте оқыған мектеп бітірушісі мемлекеттік немесе орыс тілінде ҰБТ тапсыруға, жоғары және арнайы кәсіби білім беру жүйесінде оқуді табысты жалғастыруға немесе еңбек қызметіне еруге қажетті тілдік, коммуникативтік құзыреттіліктерді меңгереді.

Шымкент, Кентау, Түркістан қалалары, Сайрам, Мақтарал аудандарындағы ұлттық тілде білім беретін мектептер көптілді оқытудың бейімдендірілген үлгілерін әзірлеп, пайдалануда ЕҚЫҰ(ОБСЕ)-нің аз ұлттар мәселелері бойынша Жоғарғы комиссарының қолдауымен «Оңтүстік Қазақстан мектептерінде көптілді оқытуды дамыту» жобасы аясында 2009-2011 жж. 19 мектеп осы жүйе бойынша жұмыс атқарды). Бүгінгі таңда көптілді оқыту жүйесімен істейтін мектептердің саны біраз азайғанымен, бұл тәжірибе тірек мектептерде жүйелі түрде даму сатысында екендігін айту керек.

Көптілді және билингвальді жүйемен оқыған оқытушылардың артықшылықтары қандай?

Көптілді және билингвальді білім беру жүйесінде оқыған оқушылар:

- қоғамға оңай әлеуметтік бейімделеді;
- пән мен тілді кіріктіре, мемлекеттік білім стандарттары талаптары дәрежесінде меңгереді;
- тілдерді меңгеру дағдыларын игереді, демек олар үшін басқа да тілдері меңгеру алда қайда оңай кешеді;
- бір неше тіл (ана тілі, қазақ тілі, орыс немесе ағылшын тілі) мәдениетінің иеленушісіне айналып, мәдениетаралық ұнқатысуға бейім болады;
- өзін бағалауы, дүниетанымы бір тілде оқытатын жағдайлардан жоғары болады;
- патриоттық сезімдері, полимәдениетті сапалары деңгейі жоғарылайды.

Әлемнің дамыған елдеріндегі аз санды ұлт өкілдері үшін көптілді және билингвальді оқытудың озық үлгілерін Отандық білім беру жүйесіне енгізу оның бейімдендірілген моделдерін әзірлеуді болжайды. Сондықтан мектеп басшылары мен эксперимент алаңы мұғалімдері 2008-2015 жылдар аралығында Еуропада Қауыпсіздік және ынтымақтастық ұйымының аз ұлттар мәселелері бойынша Жоғары комиссары тарапынан ұйымдастырылған

аймақтық мектептерге, арнайы семинарларға қатысып келеді. Атап айтқанда, Оңтүстік мектептері шет елдік тәжірибелерді бейімдеу мен бірге көптілді оқытудың өзіндік жаңа тәсілдерін әзірледі. Сол себепті бұл тәжірибе ЕҚЫҰ-ның Орталық Азиядағы білімдік бағдарламасы аясында жұмыс атқаратын елдер (Қырғызстан, Тәжікістан, Туркменистан) педагогикалық жұртшылығының кең қызығушылығын оятты. Ұстіміздегі жылдың 29-31 қыркүйек күндері шетелдік әріптестердің біздің мектептер тәжірибесімен танысуға арнайы келуі күтілуде.

Оңтүстік Қазақстан облысы мектептеріндегі көптілді және билингвальді оқыту тәжірибесі ұлттық тілде оқытатын мектептердің *жалпы нәтижелеріне* оң әсерін тігізгендігін тәжірибе айқын көрсетеді. Мысалы,

- ҰБТ және АКТ нәтижелері бойынша «Алтын белгі»ні ақтаған, мемлекеттік білім граны иегерлері санының артуы;

- өзбек тілінде оқытатын мектеп бітірушіларының мемлекеттік тілді білу көрсеткіштерінің жоғарылығы (орташа 20 баллдан жоғары);

- кезінде негізінен тек Ташкенттің жоғары оқу орындарында білім алған ұлттық мектептер мектеп бітірушілері соңы жылдары Отанымыздың түпкір-тіпкірінде беделді университеттері мен институттарында оқуы;

- ұлттық мектеп бітірушілары арасынан Отандық және халықаралық компанияларда, өндіріс орындары мен әр түрлі мекемелерде, мемлекеттік басқару органдарында жұмыс істейтін жастар санының артуы;

- көптілді оқыту тәжірибесі ұлттық тілде оқытатын мектептерді шынайы эксперимент алаңына айналдырды, инновациялық-білімдік орта қалыптастырып, басшылар мен педагогтарды инновациялық белсенділігіне, кәсіби өсуіне мәнді ықпал етті;

- біздің мектеп басшыларымыз мен пән мұғалімдеріміз республиканың басқа аймақтарында, тиіпті шет елдерде шеберлік сыныптары өткізуге жиі шақырылатын болды;

- ата-аналардың мектепшіл инновацияларда белсене қатыса бастады, жұртшылық мектеп мәселелеріне көбірек қызығушылық танытатын болды;

- мектепаралық байланыстарды күшейтті (мысалы Ю.Сареми атындағы №107 лицей-мектебі Сайрам ауданындағы қазақ тілінде оқытатын №20 С.Сейфуллин атындағы, Шымкент қаласындағы №1 А.С.Пушкин атындағы мектеп-гимназиямен, Назарбаев Зияткерлік мектебімен, Алматы қаласындағы А.Розыбакиев атындағы №153 мектеп-гимназиямен тығыз байланыста жұмыс істейді).

Оңтүстік Қазақстан облысы өзбек тілінде оқытатын мектептерінің көптілді және билингвальді оқыту тәжірибесі халықаралық, республикалық деңгейдегі форумдар, конференциялар мен семинарларда талқыланды (Австрия, Польша, Қрым, Қырғызстан, Тәжікістан), беделді педагогикалық басылымдарда жарық көрді (Исландия, Франция, Ресей), іс-тәжірибе туралы ғылыми-әдістемелік жинақтар баспадан шықты. Инновацияшыл педагогтар басқа мектептерде көшпелі семинарлар, кеңестер өткізуде.

Облысымыз ұлттық мектептері көптілді және билингвальді оқыту тәжірибесінің болашағы осы тәжірибені жеке мектептер тәжірибесінен жаппай тәжірибеге айналдыру, көптілді және билингвальді оқытудың бейімдендірілген үлгілерін ұдайы жетілдіру, жоғары оқу орындарында пән мен тілді кіріктіре оқыту мұғалімдерін даярлау, мектепаралық ынтымақтастықты нығайту, қаржыландырылатын жобалар ұту, көптілді оқытудың ақпараттық, оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жақсарту, мұғалімдердің әдістемелік шеберлігін арттыруда біліктілікті арттыру жүйесімен ынтымақтастықты күшейту болып табылады.

Сонымен қатар, көптілді оқытудың ұлттық тілде оқытатын мектептер жинақтаған озық және инновациялық тәжірибелері болашақта басқа да тілдерде оқытатын жалпы білім беретін мектептерде пән мен тілдерді кіріктіре оқытуда пайдаланылуы мүмкін. Бұл тұрғыдан біздің республикамыз мектептерінде жинақталған тәжірибеге көрші мемлекеттер, мысалы Қырғызстан, Тәжікістан педагогдар қауымы мен ғалымдары зор қызығушылық танытып отырғандығын ерекше мақтаныш мен айта аламыз. Ұстымыздегі жылдың қыркүйек айының

соңыда Шымкент қаласында «Өрлеу» АҚ ҰБАО Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша педагог мамандардың біліктілігін арттыру институты Еуропада қауыпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ)-нің аз ұлттар мәселелері бойынша Жоғары комиссары мен бірлестікте өткізген «Көптілді білім беру жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда мұғалімнің функционалды сауаттылығы» тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция аясында Шымкент қаласындағы Ұлықбек атындағы №3, №109 З.Хусанов атындағы және №107 жалпы орта мектептер, №107 Ю.Сареми атындағы мектеп-лицейдың пән мен тілді кіріктіре оқыту тәжірибелері таныстырылды. №107 Ю.Сареми атындағы мектеп-лицейдың бір неше тәжірибелі мұғалімдері Қырғызстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің шақыруымен көрші ел мектептерімен тәжірибе бөлісті.

Ұлттық тілде оқытатын мектептердің үнемі дамудағы көптілді және билингвальді оқыту тәжірибесі Ел бірлігіне, бәсекеге қабілетті, нағыз патриот қазақстандықтарды тәрбиелеуге одан әрі қызмет етеді. Көптілді білім берудің инновациялық тәжірибелері мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға, білім беру ұйымдарын оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруде жаңа белестерге қол жеткізулеріне ынталандырады, ғылым дамуына әсер етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет: бес халықтық реформа. Қазақстан Республикасы Президенті, «Нұр Отан» партиясының торағасы Н.Ә.Назарбаевтың партияның XV съезінде сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан, 2015 жыл, 12 наурыз.

2. Ұлттық тілде оқытатын мектептерде көптілді және билингвальді оқытуды дамытудың 2013-2015 жылдарға арналған жоспарын (жол картасы). – Астана, 2013.

Амантаева Айгуль Бағитжаговна
канд. филос. наук, и.о. доцента КГПИ,
г.Костанай

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕТОДА КЕЙС-СТАДИ КАК ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ТЕХНОЛОГИИ

АННОТАЦИЯ

Бұл технология блгілі бір тәжірибелік жағдайын қарастыру аясында ақпарат және құжаттарды зерттеуде оқушылардың өзіндік немесе топтық жұмысқа бағдар береді және оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін белсендіру мақсатты көздейді. Технологиясы «Кейс-стади» теориялық білімдерін практикалық деңгейде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл әдіс оқыту мақсаттарын орындау барысында ең тиімді әдіс болып табылады және де оқытушының аз қатысуымен сипатталады.

Түйінді сөздер: *әдісі, инновациялық технология, "кейс-стади", оқу үдерісі, білім алушы, жандандыру, танымдық іс-әрекеті.*

АННОТАЦИЯ

Данная технология ориентирована на самостоятельную или групповую работу учащихся над изучением информации и документов, характеризующих состояние и развитие определенной практической ситуации, целью которой является активизация познавательной деятельности обучающихся на уроках. Технология «Кейс-стади» позволяет применять теоретические знания к решению практических задач, является наиболее успешной и распространенной для обучения практическим навыкам с минимальным участием преподавателя.

Ключевые слова: *метод, инновационная технология, «кейс-стади», учебный процесс, обучающийся, активизация, познавательная деятельность.*

ABSTRACT

This technology is aimed at independent or group work of students on the study of information and documents describing the state and development of a particular practical situation, the purpose of which is